

Почта байланысы, телекоммуникациялар саласында және радиожилік спектрін пайдалануда лицензиаттардың лицензия шарттарын сақтауын тексерулерді ұйымдастыру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитет Төрағасының 2002 жылғы 16 тамыздағы N 206-П бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 17 тамызда тіркелді. Тіркеу N 1954. Күші жойылды - ҚР Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 16 тамыздағы N 172-п (V043070) бұйрығымен.

Почта байланысы, телекоммуникациялар саласында және радиожилік спектрін пайдалануда лицензиаттардың лицензия шарттарын, радиоэлектрондық құралдарды пайдаланудың техникалық нормаларын сақтауын бақылауды реттеу және күшейту мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған почта байланысы, телекоммуникациялар саласында және радиожилік спектрін пайдалануда лицензиаттардың лицензия шарттарын сақтауын тексерулерді ұйымдастыру Ережесі бекітілсін.

2. Байланыс саласындағы мемлекеттік қадағалау басқармасы (А.Е. Баймұратов) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі Комитет Төрағасының орынбасары А.Қ.Жұмағалиевке жүктелсін.

4. Бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және таныстыру мен таратуға жатады.

Төраға

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникациялар
министрлігінің Байланыс және
ақпараттандыру жөніндегі
Комитеті төрағасының
2002 жылғы 16 тамыздағы N 206-П

бұйрығымен бекітілген

**Почта байланысы, телекоммуникациялар және
радиожилік спектрін пайдалану саласында**

лицензиаттардың лицензия шарттарын сақтауын тексеруді ұйымдастыру ережесі

Почта байланысы, телекоммуникациялар және радиожилік спектрін пайдалану саласында лицензиаттардың лицензия шарттарын сақтауын тексеруді ұйымдастыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес әзірленді және почта байланысы, телекоммуникациялар және радиожилік спектрін пайдалану саласында лицензиаттардың лицензия шарттары мен қолданыстағы заңдарды сақтауын тексерулерді жүзеге асыру тәртібін, сондай-ақ тексерулерді ұйымдастыру бөлігінде Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі аумақтық басқармалардың (бұдан әрі - БАБ) байланыс саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның орталық аппаратымен - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитетімен (бұдан әрі - Комитет) өзара іс-қимыл жасау тәртібін белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Комитет Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 қарашадағы N 1665 P001665_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитеті туралы ереже, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 қарашадағы N 1443 P961443_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында почта байланысы және телекоммуникациялар саласындағы кәсіпкерлік қызметті лицензиялау, радиожилік спектрін пайдалану тәртібі туралы ереже, және басқа нормативтік құқықтық кесімдер негізінде почта байланысы, телекоммуникациялар және радиожилік спектрін пайдалану саласында кез келген санаттағы тұтынушыларға қызметтер ұсынатын жеке және заңды тұлғалардың лицензиялық лицензия ережелері мен қағидалары саласындағы заңдарды сақтауына мемлекеттік қадағалауды және бақылауды жүзеге асырады.

Комитеттің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі аумақтық басқармалары (бұдан әрі - БАБ) бар.

2. Комитет пен БАБ тексерулерді өздігінен, сондай-ақ басқа мемлекеттік органдармен бірлесіп жүзеге асырады. Басқа органдармен бірлесіп тексерулер жүргізу кезінде тексеру жоспарлары келісіледі.

3. Тексерулерді жүзеге асыру кезінде БАБ лауазымды адамдары байланыс саласындағы қызметті реттейтін нормативтік құқықтық кесімдерді басшылыққа алуы тиіс.

4. Комитет лицензиаттарды есепке алуды жүзеге асырады және БАБ-қа қызметі бір облысқа не Қазақстан Республикасының барлық аумағына тарайтын лицензиялар туралы хабарлайды.

5. БАБ облыс аумағында лицензиаттың лицензия шарттарын сақтауына бақылау жасауды және есепке алуды жүзеге асырады және лицензиаттың лицензия шарттарын сақтауын тексерулерді жүзеге асыру жоспарларын құрастырады.

2-тарау. Негізгі мақсаттар мен міндеттер

6. Почта байланысы, телекоммуникациялар және радиожилік спектрін пайдалану саласындағы кәсіпкерлік қызметке арналған лицензия шарттарын сақтауға тексерулер жүргізудің мақсаты телекоммуникациялар, почта қызмет көрсетулері рыногының қалыпты жұмысын қамтамасыз ету және оларды Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдары белгілеген талаптарға сәйкес пайдалану болып табылады.

7. Тексерулердің негізгі мақсаты:

1) лицензиаттардың радиожилік спектрін және Қазақстан Республикасы аумағында радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалануға берілген лицензия шарттарын сақтауын бақылау;

2) Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы заңнамаларына сәйкес желі құрылғылары мен почта және электр байланысы құрылғыларының оларды техникалық пайдалану бойынша техникалық нормаларға және талаптарға сәйкестігін тексеру (қажетті сынақтар мен өлшеулерді жүргізу);

3) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 1996 жылғы 1 қарашадағы N 264 Қалааралық және халықаралық телефон байланысы қызметтерін ұсыну ережесіне сәйкес байланыс қызметтерін ұсыну ережесімен белгіленген, тағайындалған сапа нормаларына сәйкес почта байланысы қызметтерін алуға тұтынушылардың құқығын қамтамасыз ету;

4) заңсыз қолданылып жүрген радиохабарлар таратушы құралдарды анықтау және ж о л ы н к е с у ;

5) Қазақстан Республикасының заңдарын және халықаралық келісімдер талаптарын бұзушылықтарды анықтау және алдын алу.

3-тарау. Байланыс саласындағы лицензияланатын қызметке тексерулерді ұйымдастыру және жүргізу

1. Жалпы талаптар

8. Заңды және жеке тұлғалардың почта байланысы, телекоммуникациялар және радиожилік спектрін пайдалану саласындағы қызметті реттейтін нормативтік-техникалық кесімдерді, сондай-ақ лицензиаттардың лицензия шарттарын орындауын тексерулерді жүргізуді БАБ лицензиаттың қызмет көрсетулерді ұсыну орыны бойынша тексеруді заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

9. Тексеру жүргізу туралы шешімді лицензиар - Комитет немесе БАБ Комитет Басшылығы бекіткен тексерулер жүргізу кестесіне сәйкес қабылдайды.

10. Тексеру кестелері БАБ-қа келіп түскен азаматтардың, ұйымдардың, жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың өтініштері негізінде, орталық мемлекеттік органдардың, құқық қорғау органдары өкілдерінің тапсырмалары негізінде, сондай-ақ лицензиат лицензия шарттарын бірнеше рет бұзған жағдайда және Қазақстан Республикасының байланыс және ақпараттандыру саласындағы қолданыстағы заңдарына сәйкес, сот шешімі негізінде құрастырылады.

11. Почта байланысы, телекоммуникациялар және радиожилік спектрін пайдалану саласында лицензиялануға тиіс қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғаларды тексерулерді жүзеге асыруға техникалық тапсырманы БАБ бастығы береді және мөрмен куәландырады.

12. Жоспарлы тексерулерді жүргізу мерзімдері, технологиялық процестерде материалдық зиян шектіруге әкелуі мүмкін еріксіз тұрып қалулар мен үзілістерді болдырмау мақсатында лицензиаттармен келісіледі.

13. Тексерулерді жүзеге асыратын БАБ лауазымды адамдары:

1) лицензиатқа алда болатын тексеру туралы жазбаша хабарлауы, БАБ бастығы қол қойған тексеру жүргізуге арналған техникалық тапсырманы көрсетуі (1-қосымша), тексеру процесінде оның құқықтары мен міндеттері туралы ақпараттандыруы;

2) лицензияның және радиожилік спектрін пайдалануға берілген рұқсаттардың белгіленген шарттарын мүмкін болар бұзуларды болдырмауы, олардың болуына ықпал жасайтын себептер мен жағдайларды анықтауы және өзінің өкілеттігі шегінде оларды жоюға шаралар қабылдауы;

3) өзінің құзыреті шегінде лицензиаттарға іс жүзінде көмек көрсетуі;

4) өзінің қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе толық орындамағаны үшін, сондай-ақ жіберген заң бұзушылықтары үшін жауапкершілікте болуы тиіс.

2. Тексерулерді жүргізу тәртібі

14. Тексерулер белгілеу туралы кесім Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және ақпарат орталығының аумақтық органдарында (бұдан әрі - ҚСЖАО) тіркеуден өткеннен кейін жеке және заңды тұлғаларды тексерулер жүргізіледі. Қала аумақтарында және аудандарда ҚСЖАО бөлімшелері болмаған жағдайда, тексерулер белгілеу туралы кесімді тіркеу осы қала және аудан прокурорлары арқылы жүргізіледі.

15. Қолданыстағы заңнамаларды бұза отырып сәйкесті ресімдемеген кәсіпкерлікпен айналысатын жеке және заңды тұлғаларға тіркеуге жатпайды (лицензиясыз).

16. Байланыс қызмет көрсетулерін лицензиясыз ұсыну жөніндегі тәртіп бұзушылықтар анықталған жағдайда, құрастырылған кесім құқыққорғау органдарына беріледі.

17. БАБ тексеру бітісімен Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2002

ж. 25 сәуірінде N 27 V021867_ бұйрығымен бекітілген Барлық шаруашылық субъектілер қызметін тексеруді бірінші рет тіркеу құжаттарын беру және тіркеу туралы ережеге сәйкес 24 сағат ішінде шаруашылық субъектілерін тексергені туралы ҚСЖАО аумақтық бөлімшелеріне тіркеу карточкасына талон-қосымша беруі тиіс.

18. Почта байланысы, телекоммуникациялар және радиожиилік спектрін пайдалану саласындағы лицензиаттың лицензия шарттарын орындауын тексерулер мерзімдік жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер түрінде жүргізіледі. Мерзімдік жоспарлы тексеру жылына 1 рет жасалады (адам саны 10-нан аспайтын шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін 3 жылда 1 рет болады).

19. Лицензия бойынша қызмет көрсету басталуы мерзіміне сәйкес қызмет ұсыну фактісі бірінші жоспарлы тексерумен куәландырылады. Егер оператор бұрын осы қызметтерді алдыңғы лицензия бойынша ұсынбаған болса, онда ол лицензия бойынша қызмет көрсете бастау күнінен бастап бір ай ішінде жүргізіледі. Лицензияда көрсетілген мерзімнің басталуына дейін іс-жүзінде қызмет көрсетілген жағдайда, бірінші тексеру лицензиат тіркелгеннен 6-10 айдан кейін жүзеге асырылуы мүмкін.

20. Тұтынушылардың немесе байланыс операторларының арыздары бойынша, сондай-ақ лицензиясыз қызмет және радиоэлектронды құралдар (бұдан әрі - РЭҚ) мен жоғарғы жиілікті құрылғыларды (бұдан әрі - ЖЖҚ) пайдаланудың техникалық нормаларын бұзу анықталған және жолы кесілген жағдайда, Комитет нұсқауы бойынша жоспардан тыс тексерулер жүргізілуі мүмкін.

21. Лицензия шарттарын орындауды тексеру жоспарларын БАБ бастықтары құрастырады және Комитетке тексеруге жібереді.

22. Осы Ережеге сәйкес тексерулерді жүзеге асыратын БАБ лауазымды адамдары тексерілетін тұлғаларға қызметтік куәліктері мен тексеру жүргізуге тапсырманы көрсетуге міндетті.

23. Тексеруге тапсырма БАБ бланкісіне басылып, оған басшысы қол қоюы тиіс. Тапсырмада тексерілуге жататын мәселелер тізбесі, оларды өткізу мерзімі, сондай-ақ лауазымдарын көрсете отырып, тексеруді жүзеге асыратын тұлғалардың тізімі көрсетіледі.

24. Тексеру мынадай кезеңдерден тұрады:

- 1) істің жай-күйін алдын ала зерделеу;
- 2) тексерулерді жүргізу;
- 3) тексеру жүргізу кезінде алынған нәтижелерді талдау және жалпылау, қорытындыларды тұжырымдау, тиісті құжаттарды ресімдеу;
- 4) жұмыс нәтижесін қорытындылау;
- 5) тексеру нәтижелері туралы ұйым басшыларын (кәсіпкерді) хабарландыру;
- 6) тәртіп бұзу фактілері, егер олар анықталған болса шаралар қабылдау.

25. Тексерулерді өткізу мерзімі, алдағы жұмыстар көлемін, қойылған міндеттер мен қызметкерлер тобы құрамын ескере отырып белгіленеді, бірақ 30 күнтізбелік күннен аспауы тиіс.

26. Негізделген себептері бар болғанда тексеру мерзімі 20 күнтізбелік күннен артық емес уақытқа ұзартылуы мүмкін, бұл үшін тексеруші тексеру мерзімін ұзарту үшін объективті себептерді көрсете отырып, БАБ бастығының атына баяндама жазба жазуы тиіс. Уақытын ұзарту туралы белгі осы тапсырмаға жасалады. Бұл туралы тексерушілер тексерілетін ұйым басшысын хабардар етуі тиіс.

27. Жоспардан тыс тексеру жүргізген жағдайда анықтамада лицензия қызметі шарттарының жоспардан тыс тексеруге әкеліп соқтырған тармақтарының орындалуына басты назар аударылады.

28. Тексеру жүргізу кезінде лицензияланатын қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар БАБ уәкілетті лауазымды адамдарының талаптары бойынша оған қосымшаларымен лицензияларын, рұқсат құжаттарын және орындап отырған қызметінің лицензия шарттарына сәйкестігін растайтын басқа құжаттарды көрсетеді.

29. Тексеру нәтижелері бойынша тексерудің құжаттамалық кесімдері құрылады (бұдан әрі - Кесім).

30. Кесімге қол қойған күн тексеру аяқталған күн деп есептеледі.

31. Құжаттамалық тексеру Кесімі (2-қосымша) барлық қосымшаларымен бірге екі дана етіліп құрастырылады. Бірінші қосымша ұйым басшысына немесе оның орнындағы адамға тапсырылады, екіншісі-тексерушіде қалады.

32. Бұл орайда БАБ уәкілетті лауазымды адамдары мынадай талаптарды орындауы тиіс:

1) анықталған бұзушылық фактілерін тиісті заңнамалық және нормативтік құқықтық кесімдерге сілтеме жасай отырып, жүйелі, шын, анық және егжей-тегжейлі баяндау;

2) тексеру Кесімінің мәтінінде анықтамалық деректер, екінші дәрежелі фактілер, кесімге қосымшаларда көрсетілуі тиіс қайталанатын біртекті тәртіп бұзушылықтарды санамалау мазмұндалмауы тиіс;

3) Кесімде тек тәртіп бұзушылықтар туралы нақты, негізделген және құжат жүзінде расталған деректерді көрсету қажет (құжаттың нөмірі мен күні, нормативтік құқықтық кесімнің атауы, бұзушылықтың мазмұны).

33. Кесімде сәйкесті құжаттармен дәлелденбеген қорытындылар, ұсыныстар мен деректер енгізуге жол берілмейді.

34. Құжаттамалық тексеру кесіміне тексерулерді жүргізуге уәкілетті тұлғалар қол қояды және оны ұйымның бірінші басшысына не оның орнындағы адамға таныстыруға жатады, бұл туралы кесімге тиісті жазу түсіріледі және мөрмен

к у ә л а н д ы р ы л а д ы .

35. Ұйым басшысының тарапынан қарсы пікір немесе ескертулер бар болғанда, ол немесе кесімге қол қоюшы тұлға бұл туралы өзінің қолының алдына алдын ала жазу түсіреді және жазбаша түсіндірмесін қоса береді.

36. Құжаттамалық тексеру кесімі БАБ арнайы журналында тіркеледі.

37. Лицензия қызметі шарттарын бұзу, сондай-ақ заңсыз пайдаланылған РЭҚ пен ЖЖҚ анықталған жағдайда, БАБ лауазымды тұлғасы тексеру кесімі тіркелгеннен кейін үш күндік мерзімде мына шешімдердің біреуін қабылдайды:

1) лицензияда көзделген шарттарды бұзуларды жоюдың мерзімін белгілей отырып, бұзуды жою жөнінде лицензия иесіне нұсқама береді;

2) тоқтата тұру себебін көрсете отырып, лицензия қызметін алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға ұсыныс енгізумен материалдарды Комитетке жіберу туралы БАБ бастығын тексеру кезінде анықталған тәртіп бұзушылықтар туралы хабардар ету (сот шешімінсіз шағын кәсіпкерлік субъектісінің лицензия қызметін тоқтата тұруға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген айырықша жағдайларда 3 күннен артық емес мерзімге, көрсетілген мерзімде сотқа міндетті қуынымдық өтініш түсірумен рұқсат етіледі).

38. Байланыс және коммуникациялар саласындағы лицензияланатын қызметті тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы (3-қосымша) БАБ лауазымды адамы жазбаша, екі дана етіп құрастырады - біріншісі шаруашылық жүргізуші субъектіге тікелей тексеру аяқталғанда беріледі, нұсқаманың екінші данасы БАБ-қа тапсырылады және бұл құжаттардың көшірмесі міндетті түрде Комитетке жіберіледі.

39. Шаруашылық жүргізуші субъект нұсқамадағы мерзім ішінде бұзушылықтарды жоюға және нәтижелері туралы БАБ-қа жазбаша хабарлауға м і н д е т т і .

40. Бұзушылықтарды жойғаны туралы жазбаша жауап алғаннан кейін немесе заңнамада белгіленген мерзімде ол тапсырылмаған жағдайда, БАБ лауазымды адамы шаруашылық жүргізуші субъектінің нұсқаманы орындау затына тексеруді жүзеге асырады бұл туралы анықтама құрастырады (4-қосымша).

41. Нұсқамалар және БАБ ұйғарымдарын байланыс және ақпараттандыру заңнамаларына сәйкес лицензия шарттарын және талаптарын орындалмаған жағдайда, бұзушылық қайталанғанда БАБ мынадай іс-қимылдар жасауы мүмкін:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 қарашадағы N 1443 Р961443_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында Пochта байланысы, телекоммуникациялар және радиожиилік спектрін пайдалану саласындағы кәсіпкерлік қызметті лицензиялау тәртібі туралы ереженің 31-тармағына сәйкес жабдықтың техникалық сипаттамаларын қолданыстағы стандарттарға толық

сәйкес келтіргенге дейін немесе РЖС пайдаланудағы қарыздарды өтегенге дейін (шағын кәсіпкерлік субъектілерінен басқа) Комитет алдында лицензия қызметін 6 (алты) айға дейін тоқтата тұруға өтініш жасайды;

2) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес Комитетке РЭҚ және ЖЖҚ пайдалануды тоқтату туралы ұсыныс береді.

42. Лицензиар, себептерін көрсете отырып, лицензия қызметін тоқтата тұру туралы шешім қабылдағаннан кейін бір апталық мерзім ішінде лицензияның қызметі тоқтатылғандығы туралы иелеріне жазбаша түрде хабарлайды.

43. Лицензия қызметін тоқтата тұру туралы Комитет шешіміне сот тәртібімен шағымдануға болады.

3. Тексеруге жататын негізгі мәселелер

44. Тексеру жүргізу кезінде лицензиат қызметінің Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық кесімдеріне және лицензия шарттарына сәйкестігін белгілейтін мынадай өлшемдерді анықтау қажет:

1) лицензияланатын қызметі, оларды пайдаланумен жүзеге асатын, негізгі қорларға ие болу және пайдалану құқығы (жалға алу, лизинг, жалдау және тағы басқа шарттар, олардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі);

2) мамандардың кәсіби біліктілігі;

3) жеке және заңды тұлғалардың пайдаланушыларға қызмет көрсетулер ұсынуға лицензиясының және РЖС пайдалануға рұқсатының бар болуын;

4) лицензия қызметі шарттарының сақталуын;

5) лицензиаттардың желілер мен байланыс объектілерінің құрылысы ережелерін, желілер мен байланыс объектілерін техникалық пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі нормативтік техникалық құжаттама талаптарын және техникалық қауіпсіздік талаптарын орындауын;

6) жеке және заңды тұлғалардың байланыс құралдарының жұмысын белгілейтін заңнамалық және өзге нормативтік құқықтық кесімдерді орындауын;

7) байланыс объектілерінде және желілерінде тек сертификатталған техникалық құралдардың қолданылуын;

8) жалпы пайдаланыстағы желі операторларымен тиісті тәртіппен ресімделген шарттарының және қызмет ету мерзімінің бар болуы, осы шарттардың орындалуы, техникалық шарттардың бар болуы және орындалуын (жалпы пайдаланыстағы желілерге қосылған ведомстволық және басқа желілер үшін, сондай-ақ коммерциялық қызметтер ұсынатын айқындалған желілер үшін);

9) байланыс құралдарының, объектілерінің және құрылғыларының белгіленген тәртіппен тіркелуін және радиожиліліктерді пайдалану мен РЭҚ пен ЖЖҚ қолдануға арналған рұқсаттар шарттарының орындалуын;

10) РЭҚ пен ЖЖҚ қолдану техникалық сипаттамаларының РЖС пайдалануға рұқсатта көрсетілген деректерге сәйкестігін;

11) байланыс объектілері мен құрылғыларының санитарлық паспорты және санитар-эпидемиологиялық қадағалау саласындағы мемлекеттік орган қорытындысының бар болуын анықтау қажет.

45. Почта байланысы ұйымдарын тексеруге Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің 1997 жылғы 27 мамырдағы N 465 және Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің 1997 жылғы 30 мамырдағы N 81 бұйрықтарымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 12 ақпанда тіркелген V970461_ Почта байланысы қызмет көрсету ережелеріне сәйкес клиентке қызмет көрсетуді ұйымдастыруын тексеру кіреді.

4-тарау. Лицензиаттың лицензия шарттарын сақтауын тексеру жөнінде құжаттық кесімді ресімдеу

46. Құжаттамалық тексеру кесімі бес тармақтан тұрады және келесі мәліметтерден тұруы керек:

- 1) бірінші тармақта көрсетілуі тиіс:
тексеруді тағайындаған орган аты;
бақылаушы органның күні және тіркеу нөмірі;
тексеруді жүргізетін қызметкердің тегі және аты;
тексерілетін объектінің аты және орналасу орны, СТН;
тексерілетін субъектінің тегі, аты;
т е к с е р у т ү р і ;
тексеру жүргізу мерзімі;

лицензияға ие ұйымның атауы, оның заңды мекен-жайы, телефоны және ф а к с ы ;

лицензияға ие ұйым атауының осы лицензия бойынша байланыс қызметтерін ұсынатын ұйым атауымен сәйкестігі;

бақыланатын аумақтағы лицензиат кәсіпорыны филиалының атауы, оның мекен-жайы, телефоны және факсы;

берілген лицензияға сәйкес лицензияланатын және іс жүзіндегі қ ы з м е т т і ң т ү р і ;

лицензияның қызметі тарайтын аумақ;
лицензияның нөмірі және берілген күні;
қызметтің басталу мерзімі (лицензия бойынша және іс жүзінде);
қызметтің басталуын растайтын құжаттар (пайдалануға енгізу кесімдері, ш а р т т а р және б а с қ а л а р) .

- 2) екінші тармақта көрсетілуі тиіс:
көлемдік көрсеткіштері көрсетілген желінің құрылымы;

сәйкестік сертификат нөмірлері көрсетілген пайдаланылатын байланыс
а п п а р а т т а р ы т ү р л е р і ;

құралдардың, объектілердің және құрылғылардың БАБ-та тіркелуі туралы
к у ә л і к т е р і н і ң н ө м і р л е р і ;

байланыс желісінің басқа операторлармен өзара іс-қимылы және осы
операторларда лицензиялардың барлығы (тиісті лицензиялардың нөмірлері
көрсетіледі) т у р а л ы м ә л і м е т т е р ;

метрологиялық қамтамасыз ету, қолданылатын өлшеу аппараттарының
түрлері, оның жеткіліктілігі, мемлекеттік тексеру туралы куәліктерінің бар болуы

3) үшінші тармақта көрсетілуі тиіс:
қызмет көрсетулер ұсынудың басталуы;
лицензия шарттарының, сондай-ақ нормативті құқықтық кесімдердің
о р ы н д а л у ы ;

лицензия шарттарына сәйкес жарна төлеу;
ұсынылатын қызметтердің сапасы үшін лицензиаттың жауапкершілігі
көрсетілген байланыс қызметін тұтынушылармен жасасқан қолданыстағы
ш а р т т а р д ы ң б а р б о л у ы ;

ұсынылатын қызметтер сапасының, қолданып жүрген стандарттардың,
нормалардың және ережелердің орындалуы;

техникалық пайдалану және техникалық қауіпсіздік нормативтерінің
о р ы н д а л у ы ;

арнайы жедел-іздік іс-шаралары бөлігінде коммутациялық станциялар
үшін байланыс желілеріне қойылатын талаптардың орындалуы;

РЖС пайдаланатын байланыс желілері үшін РЭҚ қолдану және РЖС
пайдалануға арналған рұқсаттардың бар болуы;

лицензиардың директивалық нұсқауларды орындауы.

4) төртінші тармақта көрсетілуі тиіс:
лицензия шарттарының орындалуы (орындалмауы) (соңғы жағдайда
орындалмаудың нақты тармақтары және себептері келтірілуі және лицензия
қызметін тоқтата тұру, кері шақыру немесе қайта ресімдеу жөніндегі БАБ
і с - қ и м ы л ы к ө р с е т і л у і т и і с) ;

тексеру кезінде айқындалған кемшіліктерді жойғаны.

5) бесінші тармақта негізі бойынша нұсқамалар құрастырылатын және
лицензиаттың мекен жайына ресми түрде жіберілетін тұжырымдар көрсетілуі
т и і с .

47. Лицензия қызметін тоқтата тұруды талап етпейтін тәртіп бұзулар
анықталғанда, лицензиат көрсетілген кемшіліктерді жоюға тиісті уақыт мерзімі
белгіленеді.

5-тарау. Комитет пен БАБ-тың өзара іс-қимылы

48. Почта байланысы, телекоммуникациялар және РЖС пайдалану саласындағы лицензиялық қызметке бақылау жөніндегі жұмысты талдау үшін, сондай-ақ БАБ жоспарлы тексерулерін орындау үшін мыналар қажет:

1) бекітілген жоспарға сәйкес лицензия қызметіне тексеру жүргізгеннен кейін, Комитетке 10 күндік мерзім ішінде кесім көшірмесін тапсыру;

2) лицензиат нұсқамада көрсетілген ескертулерді жойғаннан кейін, 10 күн ішінде міндетті түрде бұл жөнінде Комитетті хабардар етулері (кері жағдайда, орындалмау себебін түсіндіруі қажет);

3) ай сайын лицензияланатын қызметті бақылау жөнінде Комитетке Почта байланысы, телекоммуникация және радиожилік спектрін пайдалану саласында лицензиаттардың лицензия шарттарын сақтауын тексеруді ұйымдастыру (5(Л) қосымша) және радиоэлектрондық құралдар мен радиоспектрді пайдалану жөнінде (6(РЖС) қосымша) есеп берулері көрсетілген;

4) радиобақылаудың бекітілетін кестесі бойынша, әр тоқсан сайын Комитетке РЖС пайдаланатын ауқымға техникалық радиобақылау бойынша деректер ұсынуы (тоқсаннан кейінгі айдың бесінші күні).

6-тарау. Есепке қою туралы куәліктерді және лицензия шарттарының сақталуын тексерулер жөніндегі құжаттарды есепке алу, сақтау және тарату

49. Лицензиатты есепке қою туралы БАБ кесімі және куәлік типтік және нақты бөліктерден тұратын нөмірі болуы тиіс.

Өз кезегінде типтік бөлік лицензия нөмірі мен дефис арқылы БАБ облысы кодын қамтиды (7-қосымша). Нақты бөліктің нөмірі (типтіктен кейін бөлшек сызығы арқылы) БАБ ұйғаруы бойынша беріледі.

50. БАБ әрбір лицензиясы бойынша осы лицензияға қатысты ішінде барлық құжаттар сақталуы тиіс жеке іс болып ресімделуі тиіс. Лицензияның жұмысы тоқтатылғаны туралы немесе лицензияға ие ұйымның жойылғаны туралы ресми хабар алғаннан кейін, бұл іс мұрағатта сақталады.

51. Лицензиат БАБ-тан алынған құжаттар негізінде байланыс лицензиаттарын мемлекеттік тіркеу тізіліміне енгізіледі. Тізілімге мына жағдайларда өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі:

- 1) заңды тұлғаны қайта тіркегенде;
- 2) лицензиаттың лицензия шарттарын сақтауына тексерулер жүргізгенде;
- 3) ұйым таратылғанда.

Тізілім ЭЕМ жадында электрондық түрде және магнит тасушыларда көшірмесі түрінде сақталады.

52. Лицензиат өкіліне Кесімнің бірінші данасын беру арнайы тіркеу журналына Кесім данасын алғандығы туралы алушының тегін, атын, әкесінің

атын қажет болғанда алушының қызметін, сондай-ақ алған күнін көрсете отырып, қолхат беру арқылы жүргізілуі тиіс.

53. Лицензиаттың лицензия шарттарын сақтауын тексеру жөніндегі Кесімнің екінші данасы тексеруді жүзеге асыратын БАБ-та лицензияның бүкіл қызметі мерзімінде сақталады. Лицензиаттың жазбаша сұрауы бойынша көшірмесін алуға рұқсат етіледі.

54. Құжаттамалық тексеру кесімі (толтыруы бойынша) тек БАБ бастығының жазбаша рұқсатымен және танысқан лицензиат не оның өкілі журналға қолхат жазып беру арқылы танысу жүргізілетін құжат болып табылады.

55. Лицензиатты есепке қою туралы куәліктің екінші данасы лицензияның бүкіл қызметі мерзімі ішінде бақылау жүргізілетін БАБ-та сақталады. Қажет болғанда екінші дананың көшірмесін алуға болады. Сондай-ақ лицензиаттың жазбаша сұрауы бойынша көшірмесін алуға рұқсат етіледі.

56. Лицензиат өкіліне куәліктің бірінші данасын беру арнайы тіркеу журналына куәлік данасын алғандығы туралы алушының тегін, атын, әкесінің атын және қызметін, сондай-ақ алған күнін көрсете отырып, қолхат беру арқылы жүргізілуі тиіс.

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі Комитеті төрағасының 2002 жылғы 16 тамыздағы N 206-П бұйрығымен бекітілген Почта байланысы, телекоммуникация және радиожиилік спектрін пайдалану саласында лицензиаттардың лицензия шарттарын сақтауын тексеруді ұйымдастыру ережесіне

1-қосымша

Тексерулер

жүргізуге

арналған

техникалық тапсырма

N _____

"__" _____ ж.

(Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі басқарма атауы)

тексеру жүргізу үшін _____

(шаруашылық жүргізуші субъектінің атауы)

_____ бастап

_____ дейін _____ күнге

_____ (тексеру мақсаты)
Б А Б _____ қызметкері _____ (-лерінің)

_____ (Басқарма қызметкерінің тегі, қызметі, қызметтік куәлік N-i)

Техникалық тапсырма Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі басқарма қызметкері (-лері) қызметтік куәлігін көрсеткен жағдайда рас болып т а б ы л а д ы .

_____ (Басқарма басшысының тегі) _____ (қолы)
Ұзартылу мерзімі _____ нен _____ дейін _____ күн

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі Комитеті төрағасының 2002 жылғы 16 тамыздағы N 206-П бұйрығымен бекітілген

Почта байланысы, телекоммуникация және радиожіілік спектрін пайдалану саласында лицензиаттардың лицензия шарттарын сақтауын тексеруді ұйымдастыру ережесіне

2-қосымша
ҚҰЖАТТАМАЛЫҚ ТЕКСЕРУ КЕ СІМІ
(екі дана етіліп құрастырылады)
_____ " ___ " _____ ж.

_____ (кәсіпорынның, ұйымның толық атауы, басшысының аты-жөні)

Мына құрамдағы комиссия: _____
(тексеруге қатысушылардың аты-жөні, лауазымы)

_____ қатысуымен
(ұ й ы м қ ы з м е т к е р і)
жоғарыда көрсетілген ұйымға тексеру жүргізді.
Тексеру нәтижесінде анықталды:

" Т а н ы с т ы м "

(тексерушінің қолы) (басшының тегі) (қолы)

Ескерту: Кесім нысаны тексеру мәселелеріне қатысты жеке тармақтармен толықтырылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі Комитеті төрағасының 2002 жылғы 16 тамыздағы N 206-П бұйрығымен бекітілген Почта байланысы, телекоммуникация және радиожиилік спектрін пайдалану саласында лицензиаттардың лицензия шарттарын сақтауын тексеруді ұйымдастыру ережесіне

3-қосымша

Тәртiп бұзушылықтарды жою туралы нұсқама
(екі дана етіліп құрастырылады)

_____ ж. "___" _____ ж.

О с ы н ұ с қ а м а

(Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі аумақтық басқарманың атауы) берген "___" _____ N __ Тапсырмасына сәйкес "___" _____ жүргізілген тексеру негізінде _____ берілді
(к і м б е р г е н)

Тексеру нәтижесінде мынадай тәртіп бұзушылықтар анықталды:

Тәртіп бұзушылықтар	Анықталған	Жою мерзімі
		бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралар

Көрсетілген мерзімде анықталған ескертулерді жоймаған жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес Сізге қатысты шаралар қабылданатын болады.

Б е р і л д і

А л д ы м

" ___ " _____ ж. _____
(тапсырған күні) (лауазымы)

_____ (тексерушінің қолы)

_____ (қолы) (Т.А.Ә.)

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі Комитеті төрағасының 2002 жылғы 16 тамыздағы N 206-П бұйрығымен бекітілген

Почта байланысы, телекоммуникация және радиожиилік спектрін пайдалану саласында лицензиаттардың лицензия шарттарын сақтауын тексеруді ұйымдастыру ережесіне

4-қосымша

Нұсқаманың орындалуы жөнінде

Анықтама

_____ қ.

" ___ " _____ ж.

(Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі басқарма маманының аты-жөні, қызметі, тексеру күні)

(Шаруашылық субъектісінің аты, басшысының аты-жөні)

_____ " ___ " _____ N ___ берілген нұсқаманың орындалуы тексерілді

Тексеру барысында мыналар анықталды

БАБ маманы _____ (қолы)

Шаруашылық
субъектісінің

Басшысы _____
(қолы)

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі Комитеті төрағасының 2002 жылғы 16 тамыздағы N 206-П бұйрығымен бекітілген Почта байланысы, телекоммуникация және радиожілік спектрін пайдалану саласында лицензиаттардың лицензия шарттарын сақтауын тексеруді ұйымдастыру ережесіне

5(Л)- қосымша

Почта байланысы, телекоммуникация және радиожілік спектрін пайдалану саласында лицензиаттардың лицензия шарттарын сақтауын тексеру жөнінде ай сайынғы - - - - облысы бойынша 2002 ж ЕСЕП БЕРУІ

NN р/н	Көрсеткіштің атауы	Есептік айдағы деректер	Жыл басынан бастап деректер	Барлығы
-----------	--------------------	-------------------------------	--------------------------------------	---------

1	Облыс заңды	аумағында мекен-жайы	иелерінің бар	қызмет
---	----------------	-------------------------	------------------	--------

		көрсетулер	ұсынылатын	
		тіркелген	лицензиялар	саны
1.1	Оның	ішінде	есепті	құрастыру
		сәтінде	қызмет	көрсетушілер
2	Басқа	облыс	аумағында	
		иелерінің	заңды	мекен-жайы
		бар	қызмет	көрсетулер
			ұсынылатын	тіркелген
			лицензиялар	саны
2.1	Оның	ішінде	есепті	құрастыру
		сәтінде	қызмет	көрсетушілер
3	Байланыс	және	ақпараттандыру	
		жөніндегі	Комитетке	жіберілген
		құжаттардың	пакет	саны:
3.1	Лицензия	алу	үшін	
3.2	РЖС	рұқсат	алу	үшін
4	Операторлардың	лицензияланатын		
		қызметтерін	тексерулер	саны
5		Анықталған	тәртіп	
		бұзушылықтар	(ақаулар):	
5.1	Лицензиясыз	қызмет		
			көрсетушілер	
5.2	Радиожиілік	спектрін	РЖС	
		арналған	рұқсатсыз	
			пайдаланушылар	
5.3		Сертификатталмаған		
		жабдықтарды	пайдаланушылар	
5.4	Жабдықтарды	техникалық		
		пайдалануда	МЕСТ, ТҚЕ	
		бұзған,	құжаттық	деректерден
		және	нормативтерден	
		ауытқыған	жағдайлар	саны
5.5	Тәртіп	бұзудың	басқа	түрлері
7		Қолданылған	шаралар:	
7.1	Жүргізілген	тексерулердің		
		деректері	бойынша	берілген
			нұсқамалар	саны
7.2	Салынған	айыппұлдар		саны
7.2.1	Салынған	айыппұл		сомасы

	Анықталған	тәртіп
	бұзушылықтардың	жалпы саны
8.1	Тәртіп	бұзушылықты
		жойғандар
		саны
8.2	Бақылауда	тұрған
		тәртіп
		бұзушылар
		саны

облысы бойынша БАБ бастығы Тегі, аты-жөні

Қазақстан Республикасы Көлік
және коммуникациялар министрлігінің
Байланыс және ақпараттандыру
жөніндегі Комитеті төрағасының
2002 жылғы 16 тамыздағы N 206-П
бұйрығымен бекітілген
Почта байланысы, телекоммуникация
және радиожілік спектрін
пайдалану саласында лицензиаттардың
лицензия шарттарын сақтауын тексеруді
ұйымдастыру ережесіне

6 (РЖС) 4-қосымша

Радиожілікті	және	радиоэлектрондық
құралдарды	пайдалануды	қадағалау
-	-	жөнінде
-	-	облысы
-	-	бойынша
-	-	2002 ж

ЕСЕП БЕРУІ

NN	Көрсеткіштің атауы	Есептік	Жыл	Барлығы
		айдағы	басынан	деректер
			бастап	деректер

1	Есепте	тұрған
	радиоэлектрондық	құралдар
	саны	саны
2	РЭҚ	пайдалануға
		берілген
		рұқсаттар
		саны
3	Қазақстан	Республикасына
	РЭҚ	әкелуге
		арналған
		рұқсаттар
		саны
4	Тіркелген	жоғары
		жиілікті

		қ ұ р а л д а р	с а н ы
5		Зерттелген	радиожелілер саны
6		Анықталған	тәртіп бұзушылар
6.1		Рұқсат	құжаттарынсыз
			радиожиілік спектрін
			пайдаланушылар
6.2		Сертификатталмаған	
		жабдықтарды	пайдаланушылар
6.3		Қазақстан	Республикасы
		аумағына	РЭҚ шетелден әкелу
			тәртібін бұзу
6.4		Басқа	тәртіп бұзушылықтар
	7	Қолданылған	іс-шаралар:
7.1		Жүргізілген	тексерулердің
		деректері	бойынша берілген
			нұсқамалар саны
7.2		Салынған	айыппұл саны
7.3		Салынған	айыппұл сомасы
	8	Тәртіп	бұзушылықтардың
			жалпы саны
8.1		Тәртіп	бұзушылықты
			жойғандар саны
8.2		Бақылауда	тұрған тәртіп
			бұзушылар саны

облысы бойынша БАБ бастығы Тегі, аты-жөні

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі Комитеті төрағасының 2002 жылғы 16 тамыздағы N 206-П бұйрығымен бекітілген Почта байланысы, телекоммуникация және радиожиілік спектрін пайдалану саласында лицензиаттардың лицензия шарттарын сақтауын тексеруді ұйымдастыру ережесіне

**Қазақстан Республикасының
әкімшілік-аумақтық бөліктерінің
объектілерді белгілеу жүйесіндегі**

кодалар

К о д N - і	А у м а қ
900	Қазақстан Республикасы
901	Астана қаласы
902	Ақмола облысы
904	Ақтөбе облысы
907	Алматы облысы
910	Алматы қаласы
915	Атырау облысы
917	Шығыс Қазақстан облысы
919	Жамбыл облысы
926	Батыс Қазақстан облысы
930	Қарағанды облысы
933	Қызылорда облысы
937	Қостанай облысы
943	Маңғыстау облысы
945	Павлодар облысы
948	Солтүстік Қазақстан облысы
958	Оңтүстік Қазақстан облысы